



**«Менеджмент» пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы**  
(2023 дан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** 04130100 «Менеджмент (қолдану салалары бойынша)» мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігіне арналған, «Менеджмент» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Қазіргі таңдағы менеджмент.	01	«Басқару» түсінігі. Менеджменттің рөлі, оның міндеттері. Менеджмент ғылым ретінде.
02	Менеджменттің маңызы мен негізгі сипаттамалары	02	Менеджменттің базалық түсініктері: менеджмент, ұйымдастыру. Менеджер, оның ұйымдастырудағы орны мен рөлі
03	Ұйымдастыру және оны қоршаған орта	03	Ұйымдастырудың ішкі ортасы. Сыртқы орта және оның әсері.
04	Менеджменттің негізгі функциялары	04	Менеджмент циклы. Жоспарлау. Ұйымдастыру. Үнталандыру. Бақылау
05	Шешім қабылдау	05	Басқару шешімдері. Шешім қабылдау процесі.
06	Әлеуметтік жүйе ретінде ұйымдастыруды басқару	06	Басқару стилі. Көшбасшылық. Билік.
07	Іскери қарым-қатынас	07	Іскери қарым-қатынас. Коммуникация ұғымы, оның түрлері. Коммуникациялық процес. Жеке адамдар арасындағы коммуникация
08	Жанжалдар	08	Жанжалдар мен күйзелістерді басқару стратегиясы. Жанжал себептері, түрлері, типтері
09	Қарым-қатынас жасау құзыреттілігі және жеке жұмысқа орналасу мәселелерін шешу	09	Еңбек нарығындағы іс-әрекет тиімділігі. Жұмыс берушімен кездесу.

**Контекстік тапсырмалар** (мәтін, кесте, сызба, статистикалық мәліметтер, суреттер және т.б.).

**4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:**

**Қазіргі таңдағы менеджмент;** «Басқару» түсінігі.

Нарықтық экономикадағы басқару. Менеджмент дегеніміз не? Менеджменттің рөлі, оның міндеттері. Менеджмент ғылым ретінде. Ғылыми басқару мектебі. Адами қарым-қатынастар мектебі. Әкімшілік басқару (классикалық мектеп). Менеджменттің міндеттері.

**Маңызы мен негізгі сипаттамасы:** Менеджменттің базалық түсініктері - Менеджментті ұйымдастыру, оның орны мен ұйымдастырудағы рөлі. Менеджер қызметінің маңызы. Қазіргі таңдағы менеджердің үлгісі.

**Ұйымдастыру және оны қоршаған орта:** Ұйымдастырудың ішкі ортасы. Сыртқы орта және оның әсері.

**Менеджменттің негізгі функциялары:** Менеджмент циклы. Жоспарлау. Ұйымдастыру. Өкілеттілікті табыстау. Үнталандыру. Бақылау.

**Шешім қабылдау:** Қандай шешімдер болады. Шешім қабылдау процесі. Шешімнің тиімділігі. Шешім қабылдау принциптері. Модельдеу және эксперимент басқару мәселелерін шешу әдістері ретінде.

**Әлеуметтік жүйе ретінде ұйымдастыруды басқару:** Ресми емес топтар және оларды басқару. Көшбасшы, басшылық, билік. Басқару стилі.

**Іскери қарым-қатынас:** Коммуникация басқару процесін байланыстырушы ретінде. Іскери қарым-қатынас. Коммуникация ұғымы, оның түрлері. Коммуникациялық процес элементтері, кезеңдері. Жеке адамдар арасындағы коммуникация.

**Жанжалдар:** Жанжалдар мен күйзелістерді басқару стратегиясы. Жанжал себептері, түрлері, типтері. Жұмысшылардың қызметінің нәтижесіне ықпалы.

**Қарым-қатынас жасау құзыреттілігі және жеке жұмысқа орналасу мәселелерін шешу:** Еңбек нарығындағы іс-әрекет тиімділігі. Жұмыс берушімен кездесу. Телефонмен келіссөздер жүргізу техникасы.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

4 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.


**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кабушкин Н.И. «Основы менеджмента» учеб. пособие по специальности "Менеджмент орг." 5-е изд., стереотип. - Мн.: Новое знание, 2002. — 336 с.

2. Б.Қ.Жакенова, Қ.Б.Тәмпішева, Л.М.Мақсатова, «Менеджмент негіздері», Астана 2007.
3. Балашов А.П. «Основы менеджмента» Научно-издательский центр ИНФРА-М, Вузовский учебник, 2014, 288стр.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

  
\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

